

Түлебаева Айдынгул Тойбазаровнаның
8D017 бағыты бойынша - Тілдер және әдебиет бойынша мұғалімдерді
даярлау 8D01721 (6D011700) – «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру
бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін
«Сыр бойы ақын-жыраулары поэзиясындағы философиялық дүниетаным
және педагогикалық көзқарастар» атты дайындаған диссертациясына
АҢДАТПА

Зерттеу тақырыбы: «Сыр бойы ақын жыраулары поэзиясындағы философиялық дүниетаным және педагогикалық көзқарастар».

Зерттеу тақырыбының өзектілігі. Ақын-жыраулар поэзиясы – ұлттық әдебиеттің кең арналы бастау бұлақтарының бірі, негізгі арнасы. Қазіргі әлемдік әдебиетпен иық тірестіретін классикалық қазақ әдебиетін ақын-жыраулар поэзиясынсыз елестету мүмкін емес. Өзінің даму тарихында суырып салмалық пен жазба әдебиеттің тізгінін тең ұстаған XIX ғасыр мен XX ғасыр басындағы қазақ ақын-жыраулары ұлттық сөз өнерінің дамуына ерекше қызмет етті. Поэтикалық ерекшелігі мен сипатына байланысты әдебиеттану ғылымында дәстүрлі ақындық поэзия аталып кеткен осы кезең әдебиеті ұлттық дүниетаным мен философияны бойына сіңіре алған қасиетімен де құнды. Ұлттық философияның тұжырымдары мен ой қазығының негізі жыраулар поэзиясында жатыр деген зерттеушілер пікірі тұрғысынан қарар болсақ, ұлттық философия мен жыраулық поэзияны бір-бірінен бөле-жара қарай алмаймыз. Ендеше, ақын-жыраулар поэзиясындағы философиялық дүниетаным мәселесінің әдебиеттану ғылымында зерттеу нысанына айналуы да орынды. Ұлттық философия мен жыраулық поэзияның көркемдік ықпалы, қоғамдық-әлеуметтік қырлары барлық уақытта да маңыздылығымен айқындалады.

Әдеби дамуымыздың жүріп өткен жолына зер салар болсақ, осы кезеңде қазақ даласының әр өңірінде өзіндік ерекшеліктерімен дараланған ақындық мектептер әдеби үдерісте кең көрінді. Арқадағы сал серілер мектебі, Жетісу, Қаратау өңірлеріндегі жыршылық-термешілік мектептердің арасында Сыр бойындағы Сүлейлер мектебінің алатын орны ерекше. Ешнияз сал, Балқы Базар, Әзілкеш Шымырұлы, Қарасақал Ерімбет, Бұдабай Қабылұлы, Дүр Оңғар, Құлан Алдабергеноұлы, Кете Жүсіп, Шораяқтың Омары, Керейт Даңмұрын, Қаңлы Жүсіп пен Нұртуған, Шәді Сеңгірбайұлы, Тұрмағамбет, Ыспан Сүлейменұлы, Кете Аманжол т.б. сыр сүлейлері осы өңірдегі ақындық мектептің өкілдері еді. Әдеби үдерісте Сыр сүлейлері аталып кеткен осы бір шоғыр – ақындық орта ауыз әдебиеті мен жазба әдебиеттің тізгінін тең ұстай отырып, ұлттық дүниетанымнан нәр алған, ойшыл поэзия дәстүрін жалғастырды. Өздерінің нақыл, ғақлия, өсиет өлеңдерінде білімді ұлтты қалыптастырудың жолын көрсететін педагогикалық көзқарастарын да білдірді.

Дүниетаным – адамның өмірге, табиғат пен оның жасаған құбылыстарына деген көзқарасы. Қоршаған ортадағы түрлі табиғи және әлеуметтік құбылыстарды түсіне алуы мен оларға деген ой тұжырымдары. Ғылым дүниеге деген көзқарасты діни, мифологиялық, ғылыми және философиялық деп жіктей қарастырады. Осы аталғандардан философиялық

дүниетанымның ерекшелігі білімге құштарлық пен даналыққа деген сүйіспеншілікте болса керек. Нақтылай айтқанда, философиялық дүниетаным нақты ұғымдар мен категориялардан құралады; қиялға, сенімге емес, білімге сүйенеді; рефлексивті (ойдың өз-өзіне бағытталуы); қисындылығы, яғни ішкі тұтастық пен жүйелікке негізделеді.

Ендеше, философиялық дүниетаным мен педагогикалық көзқарас бірін-бірі толықтырып тұратын егіз ұғым. Біздің зерттеу нысанымызға алып отырған Сыр бойы ақын-жыраулары шығармаларының басты ерекшеліктерінің бірі де ұлтты білім мен ғылымға насихаттай отырып, жас ұрпаққа жол сілтеуінде болса керек. Осыған сәйкес сөз қасиетінің дәрежесін, сапасын, ұлттық кодты жан-жақты ашып беретін жыраулық поэзиядағы философиялық дүниетанымды зерттеудің маңызы зор.

Зерттеу барысында ұлттық мәдениетімізді танып білудің көрсеткіші болып табылатын жыраулар поэзиясындағы философиялық дүниетанымның көрінісін қарау, талдау аса қажетті жұмысқа жатады.

Сыр бойында қалыптасып, дүниетану көзқарастарын сақтаған жыраулық поэзиясы өкілдерінің шығармалары ұлттық әдебиетіміздің дамуындағы зәру мәселенің бірі болып саналады. Сондықтан, әдеби даму қозғалысы аясында қарастырылуы зерттеудің өзектілігін танытады. Сыр бойы ақын-жыраулары көрнекті өкілдерінің шығармаларын арнайы қарастыру арқылы алдағы жаңа зерттеулерге де бағдар жасалады. Бұл зерттеу тақырыбы өзектілігінің кешенді сипатын айқындай түседі, әрі тақырыптың тың екендігін көрсетеді.

Сыр бойы ақын-жыраулар поэзиясындағы философиялық дүниетаным мен педагогикалық көзқарастарды арнайы қарастыру өте қажет деп білеміз.

Қазақ әдебиеттану ғылымында Сыр сүлейлері шығармашылығы біршама зерттелді. Әсіресе, еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін кеңестік идеология ықпалымен діншіл, кітаби ақындар деген желеумен әдебиет тарихынан өз орнын ала алмай, ғылым назарынан сырт қалып келген ақын-жыраулардың әдеби мұралары қайта електен өтіп, жаңаша көзқарас деңгейінен әдеби бағасын алды. Бірнеше монографиялар жарық көрді, әдеби мұралары жинақталып кітап болып басылды. Ө.Күмісбаев «Тұрмағамбет Ізтілеуов және оның «Рүстем-Дастаны», Ұ.Жанбершиева «Тұрмағамбет Ізтілеуовтің поэтикалық шығармашылығы», Қ.Абдразақов «Бұдабай Қабылұлының әдеби мұрасы», Ғ.Тұяқбаев «Қаңлы Жүсіп Қадірбергенұлының әдеби мұрасы», С.Қосанов «Базар жырау Оңдасұлының әдеби мұрасы», Ұ.Байбосынова «Сыр бойы ақын-жыраулары шығармашылығындағы ислам тақырыбы», Е.Карбозов «Т.Ізтілеуов шығармашылығындағы адамгершілік мәселелер», Г.Оралова «Ақындық поэзия дәстүрінің көркемдік жалғастығы (Арал, Қазалы өңірлері ақындарының әдеби мұралары негізінде», М.Қаржауов «Шораяқтың Омарының әдеби мұрасы», Қ.Мәмбетов «Дидактикалық поэзия дәстүрі (Жүсіп Ешниязұлы шығармашылығының негізінде)», А.Оңғарбаев «Нұртуған Кенжеғұлұлының шығармашылық өмірбаяны», Д.Сатемирова «Ерімбет Көлдейбекұлының әдеби мұрасы және ақындық орта дәстүрі» т.б. кандидаттық диссертациялар қорғады.

Аталған зерттеу еңбектерінде Сыр бойы ақын-жырауларының әдеби мұралары тақырыптық, жанрлық тұрғыдан жіктеліп, стильдік ерекшеліктері

айқындалды. Сыр бойындағы ақындық ортаға тән шығыстық дәстүр, діни-ағартушылық сарын т.б. мәселелер зерделенді. Бірақ бұл Сыр сүлейлері шығармашылығы толыққанды зерттеліп болды дегенді білдірмесе керек. Сыр бойы ақын-жыраулары шығармаларының басты сипаты ретінде көрінетін философиялық дүниетаным мен педагогикалық көзқарастары осы уақытқа дейін арнайы зерттеу нысанына алынбай келді.

Педагогика ғылымы саласында жүргізілген С.Қалиевтің «XV-XIX ғасырлар ақын-жырауларының поэзиясындағы педагогикалық ой-пікірлер», М.Түсіпбаеваның «Ақын-жыраулар мұраларындағы эстетикалық тәрбие ойлары (XVIII-XIX ғғ.)», А.Бүркітбаеваның «XVIII-XX ғасырлардағы ақындық поэзиядағы елдік пен адамгершілік мәселелері», Ж.Алиеваның «Қазақ поэзиясындағы көне түркілік сарын және оны оқыту ұстанымдары» т.б. еңбектердің назарынан Сыр бойы ақын-жыраулары шығармашылығы сырт қалды.

Ақын-жыраулар поэзиясындағы философиялық сарындар мәселесін зерттеген Т.Мұқашевтың «Жыраулар поэзиясындағы әлеуметтік-философиялық сарын», Р.Кемербайдың «Асан қайғы: Қилы заман философиясы» т.б. зерттеулерінде де Сыр сүлейлері шығармашылығы талданған жоқ.

Әдебиеттану, педагогика, философия салаларындағы осындай ғылыми қажеттілік біздің диссертациялық жұмысымыздың өзектілігін айқындайды.

Зерттеудің мақсаты: Сыр бойы ақын-жыраулары шығармаларындағы философиялық дүниетаным мен педагогикалық көзқарастарын интерпретациялау (зерделеу), оны болашақ филологтарға, қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдеріне оқытуды ғылыми-теориялық тұрғыдан негіздеу және әдістемесін ұсыну.

Зерттеудің міндеттері:

-Сыр бойы ақын-жыраулары поэзиясындағы философиялық дүниетанымды айқындау, ұлттық әдебиеттің, жалпы мәдениет тарихының дамуындағы маңызын, ықпалын таныту мақсатында Сыр сүлейлерінің нақыл, өсиет, ғақлия т.б. жанрдағы өлеңдеріндегі педагогикалық көзқарастарды зерделеу;

-Сыр бойы ақын-жыраулары поэзиясындағы педагогикалық көзқарастарды қазақ ағартушыларының ағартушылық ойларымен салыстыра қарастырып, ЖОО-да Сыр бойы ақын-жыраулары шығармашылығын оқытудың ғылыми-теориялық және әдіснамалық негіздерін нақтылау;

-ЖОО-да Сыр бойы ақын-жыраулары поэзиясын оқытуда пайдаланылатын педагогикалық технологияларды саралап оқытудың ұстанымдары мен тиімді әдістерін жүйелеу;

-Сыр бойы ақын-жыраулары поэзиясын оқытуға арналған «Сыр өңіріндегі ақындық дәстүр» элективті курс бағдарламасын жасау және тәжірибелік-эксперименттік жұмыста оның тиімділігін тексеріп дәлелдеу.

Зерттеу әдістері: Зерттеудің ғылыми-теориялық және әдіснамалық негіздерін айқындау барысында салыстырмалы-тарихи, объективті-аналитикалық, ой қорыту, жалпылау әдістері, экспериментті ұйымдастыру кезінде бақылау, сауалнама, әңгімелесу, тестілеу, диагностикалық әдістер,

зерттеу бойынша алынған нәтижелерді өңдеу кезінде *математикалық-статистикалық* әдістері қолданылды.

Қорғауға ұсынылатын негізгі қағидалар (дәлелденген ғылыми болжамдар және жаңа білім болып табылатын басқа да тұжырымдар):

- Ауыз әдебиеті мен жазба әдебиеттің тізгінін тең ұстаған Сыр сүлейлері осы өңірге тән поэтикалық ерекшеліктерімен дараланған әдеби мектеп, ақындық орта қалыптастырды;

- Сыр бойы ақын-жыраулары поэзиясындағы философиялық дүниетаным ұлттық философиядан бастау алған, осы өңірдің танымдық ақыл-ойының көрінісі мен дүниетану көзқарасының кендігін дәлелдейді;

- Сыр сүлейлері өз шығармаларында білімді ұлт қалыптастырудың педагогикалық жолдарын көрсетті;

- Сыр бойы ақын-жырауларының шығармашылығын ЖОО-да оқыту болашақ филологтар мен педагогтардың кәсіби құзыреттілігін дамытуға әсерін тигізеді;

- Сыр бойы ақын-жырауларының шығармашылығын ЖОО-да оқыту білім алушыларға ұлттық рухани құндылықтарды қадірлей білуге үйретеді.

Зерттеудің негізгі нәтижелері:

- Зерттеу жұмыстың нысанға алынған Сыр бойы ақын-жыраулары поэзиясындағы философиялық дүниетаным тұңғыш рет әдеби даму қозғалысы заңдылықтары аясында қарастырылып, оның ұлттық әдебиеттің, жалпы мәдениет тарихының дамуындағы маңызы, ықпал ететін ерекшеліктері айқындалып, Сыр сүлейлерінің нақыл, өсиет, ғақлия т.б. жанрдағы өлеңдеріндегі педагогикалық көзқарастар ғылыми тұрғыдан негізделді;

- Сыр бойы ақын-жыраулары поэзиясындағы педагогикалық көзқарастар қазақ ағартушыларының ағартушылық ойларымен салыстыра отырып ЖОО-да Сыр бойы ақын-жыраулары шығармашылығын оқытудың ғылыми-теориялық және әдіснамалық негіздері нақтыланды;

- ЖОО-да Сыр бойы ақын-жыраулары поэзиясын оқытуда пайдаланылатын педагогикалық технологияларды саралау арқылы оқытудың ұстанымдары мен тиімді әдістері жүйеленді;

- Сыр бойы ақын-жыраулары поэзиясын оқытуға арналған «Сыр өңіріндегі ақындық дәстүр» элективті курсының оқу-әдістемелік кешені жасалынып, тәжірибелік-эксперименттік жұмыста оның тиімділігі тексеріліп дәлелденді.

Алынған нәтижелердің жаңалығы мен маңыздылығы: теориялық-әдіснамалық негізде дәлелденуімен, зерттеудің ғылыми аппаратына мазмұнының сәйкестігімен, зерттеуде қолданылған әдіс-тәсілдердің тиімділігімен, эксперимент жұмысының жүйелі жоспарлануымен, сандық және сапалық көрсеткіштердің дәлелденуімен сипатталады.

Қазақ әдебиеттану ғылымында алғаш рет Сыр бойы ақын-жыраулары шығармаларындағы философиялық дүниетаным және педагогикалық көзқарастар зерделеніп, оны ЖОО-да оқытудың ғылыми-теориялық, әдістемелік негіздері ұсынылды. Базар жырау, Тұрмағамбет Ізтілеуов, Шораяқтың Омары, Кете Жүсіп, Қаңлы Жүсіп, Қарасақал Ерімбет және т.б

ақындар поэзиясындағы философиялық дүниетаным мен педагогикалық көзқарастар тұрғысынан поэзиялық туындыларға талдаулар жасалынып, ақындардың өзіндік ерекшеліктеріне баға берілді. Соның нәтижесінде ұлттық әдебиетке әкелген тың серпін, теориялық бағыт қарастырылды.

Диссертациялық жұмыстың материалдары мен нәтижелерін жоғары оқу орындарындағы «Қазақ тілі мен әдебиеті», «Филология» білім беру бағдарламаларының дәріс сабақтарында пайдалануға болады. Жоғары оқу орындарының «Қазақ тілі мен әдебиеті», «Филология» білім беру бағдарламаларына әзірленген «Сыр өңіріндегі ақындық дәстүр» таңдау курсының оқу-әдістемелік кешені, пәнді жүргізудің әдістемесі орта арнаулы оқу орындары тәжірибесінде, мұғалімдердің біліктілігін арттыру және қайта даярлау институттары мен жалпы орта білім беретін мектептердің білім беру үдерісінде қолдануға болады.

Ғылымның даму бағыттарына немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:

Зерттеу жұмысы жоғары оқу орындарында басшылыққа алынатын мемлекет тарапынан бекітілген нормативтік құжаттардың, атап айтсақ, Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңы (2007), «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы (2003), «Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы» (2020), Қазақстан Республикасында жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы (2023) және т.б. бағыттарына сәйкес келеді. Болашақ педагогтарды даярлау барысында олардың жоғары кәсіби құзыреттілігі, бәсекеге қабілеттілігі, мәдениетінің жоғары болуы – бұл білім беру саласының негізгі әлеуметтік-экономикалық бағыттарының бірінен саналады, өйткені қазіргі нарық жағдайында азаматтардың әлеуметтік жағынан қорғалуы олардың біліміне, кәсіби біліктілігіне, құзыреттілігі және шеберлігіне байланысты.

Докторанттың әрбір жарияланымды дайындауға қосқан үлесіне сипаттама:

Диссертацияның мазмұны 20 ғылыми еңбекте көрсетілген.

Web of Science Core Collection немесе Scopus деректер базасына енгізілген журналдарда 1 мақала жарияланды:

1. Philosophical Worldview and Pedagogical Perspectives of the Poets-Zhyrau of the Aral Sea and Syr Darya Areas (Арал-Сыр аймағы ақын-жыраулары поэзиясындағы философиялық дүниетаным және педагогикалық көзқарастар). Special Issue of Journal of Research in Applied Linguistics, 10, Spring 2019. – P. 253-271. (Қосалқы авторлар Aitimov M.K., Oralova G.S., Kamisheva G.A., Serdali V.K. - 20%). Докторанттың мақала жазуға қосқан үлесі – 80%.

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынатын ғылыми басылымдарда 13 мақала жарияланды:

1. Сопылық-философиялық поэзиядағы хикмет дәстүріндегі өлеңдер. Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының ХАБАРЛАРЫ. №4(290), 2013. – Б. 118-125. Докторанттың мақала жазуға қосқан үлесі – 100%.

2. Сопылық-философиялық поэзиядағы сыншылдық көзқарастар. Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының ХАБАРШЫСЫ. №4, 2013. – Б. 104-108. Докторанттың мақала жазуға қосқан үлесі – 100%.

3. Сопылық-философиялық поэзиядағы насихаттық хикмет өлеңдері. Республикасы Ұлттық ғылым академиясының ХАБАРШЫСЫ. №1, 2014. – Б. 113-118. Докторанттың мақала жазуға қосқан үлесі – 100%.

4. Сопылық-философиялық ағартушылық ағым аясындағы әлемдік поэзияның көркемдік дәстүр жалғастығы. Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының Хабарлары. №1(293), 2014. – Б. 146-149. Докторанттың мақала жазуға қосқан үлесі – 100%.

5. Базар жырау дастандарының дидактикалық сипаты. Қазақстанның ғылымы мен өмірі. №3/2 (47) 2017. – Б. 86-88. Докторанттың мақала жазуға қосқан үлесі – 100%.

6. Тұрмағамбет шығармаларындағы философиялық дүниетаным және педагогикалық ерекшеліктер. Қазақстанның ғылымы мен өмірі. №3/2 (47) 2017. – Б. 221-223. Докторанттың мақала жазуға қосқан үлесі – 100%.

7. Шораяқтың Омары дастандарындағы адамгершілік, имандылық мәселесі. Қазақстанның ғылымы мен өмірі. №4(61) 2018. – Б. 64-68. Докторанттың мақала жазуға қосқан үлесі – 100%.

8. Сыр бойы ақын-жыраулары поэзиясындағы дүниетаным. Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті Хабаршы «Филология ғылымдары» сериясы, №1(71), 2020. – Б. 471-477. (Қосалқы автор: Айтимов - 15 %). Докторанттың мақала жазуға қосқан үлесі – 85%.

9. Philosophical worldview and pedagogical thoughts in the poetry of poet-zhiraus in Syrdarya region (Сыр өңірі ақын-жыраулары поэзиясындағы философиялық дүниетаным және педагогикалық ой-пікірлер). Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Хабаршысы. Филология сериясы. №1(142)/2023. – Б. 192-198. <https://doi.org/10.32523/2616-678X-2023-142-1-192-198> (Қосалқы автор: Ыылдыз Н. - 15 %). Докторанттың мақала жазуға қосқан үлесі – 85%.

10. Pedagogical views in T.Iztileuuly's instructive and propaganda verses (Т.Ізтілеуұлының ғибрат, насихат өлеңдеріндегі педагогикалық көзқарастар). Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ХАБАРШЫСЫ. Педагогика. Психология. Әлеуметтану сериясы. №1(142)/2023. – Б. 269-283. <https://doi.org/10.32523/2616-6895-2023-142-1-269-283> (Қосалқы авторлар: Тууакбаев Г. - 15 %). Докторанттың мақала жазуға қосқан үлесі – 85%.

11. Сыр сүлейлерінің (Тұрмағамбет, Жүсіп, Омар) мысал өлеңдеріндегі Шығыстық дәстүр. Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Хабаршысы. Филология сериясы. №4(145)/2023. – Б. 121-131. <https://doi.org/10.32523/2616-678X-2023-145-4-121-131> (Қосалқы авторлар: Жанбершиева Ұ.Н., Оралова Г.С., Камишева Г.А., - 40%). Докторанттың мақала жазуға қосқан үлесі – 60%.

12. Сыр өңірі ақындары поэзиясындағы философиялық-дидактикалық сарындар мен педагогикалық көзқарастар (*Жүсіп Ешниязұлы шығармалары негізінде*). «Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясы» РҚБ «Халық» ЖҚ Хабаршысы. №1 (2024) 407 том, – Б. 324-336.

<https://doi.org/10.32014/2024.2518-1467.676> (Қосалқы авторлар: Айтимов

М.К., Майгельдиева Ш.М., Йылдыз Н. - 15%). Докторанттың мақала жазуға қосқан үлесі – 85%.

13. Фирдоуси «Шаһнамасы» және Тұрмағамбет. «Керуен» ғылыми журналы, ISSN 2078-8134, №2 (83), 2024. – Б. 174-183.

<https://doi.org/10.53871/2078-8134.2024.2-13> (Қосалқы авторлар: Жанбершиева Ұ.Н., Оралова Г.С., - 40 %). Докторанттың мақала жазуға қосқан үлесі – 60%.

Шет елдік және отандық халықаралық конференция материалдарының басылымдарда 5 мақала жарық көрді:

1. Philosophical thoughts in poetry of Syr land akyn-zhyraus. IMPACT: International Journal of Research in Humanities, Arts and Literature (IMPACT: IJRNAL); Volume-3, Issue-7, Jul 2015. – P. 43-48. Докторанттың мақала жазуға қосқан үлесі – 100%;

2. Тұрмағамбет шайырдың философиялық дүниетаным көкжиегі. Абайдың туғанына 170 жыл толуына арналған «Абай және әлемдік өркениет» атты Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. Семей, 2015. – Б. 273-277. Докторанттың мақала жазуға қосқан үлесі – 100%;

3. Концептуальные подходы к изучению поэзии поэтов-жырау земли Сыра. Научный журнал «Общество знание и социальная психология» Выпуск №9-2 (39) 2022. – С. 50-60. (Бірлескен автор: Майгельдиева Ш.М. – 15%). Докторанттың мақала жазуға қосқан үлесі – 85%;

4. Қарасақал Ерiмбет дастандарындағы дидактикалық ойлар. «Сыр сүлейлерiне классикалық шығыс әдебиетiнiң әсерi» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. – Қызылорда, 2024. – Б. 94-99. (Қосалқы автор: Жасуланова Н. – 15%). Докторанттың мақала жазуға қосқан үлесі – 85%;

5. Базар жырау дастандарындағы гуманистік ойлар. «Сыр сүлейлерiне классикалық шығыс әдебиетiнiң әсерi» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. – Қызылорда, 2024. – Б. 72-77. Докторанттың мақала жазуға қосқан үлесі – 100%;

1 оқу-әдістемелік көмекші құралы жарық көрді:

1. Сыр сүлейлері шығармаларындағы діни-ағартушылық идея. – Қызылорда: «Тұмар» баспасы, 2024. – 248 б. (Қосалқы авторлар: Оралова Г.С., Жанбершиева Ұ.Н. – 66%). Докторанттың мақала жазуға қосқан үлесі – 34%.

Диссертация құрылымы. Диссертация жұмысы кіріспе, үш тарау, қорытынды, пайдаланылған әдебиеттер тізімі мен қосымшалардан тұрады.

Кіріспеде зерттеу тақырыбының өзектілігі дәлелденіп, ғылыми аппараты: нысаны, пәні, мақсаты, болжамы, міндеттері, жетекші идеясы, теориялық негіздері, зерттеу көздері, әдістері, негізгі кезеңдері мен базасы, қорғауға ұсынылатын негізгі тұжырымдары, ғылыми жаңалығы мен теориялық және практикалық маңыздылығы, нәтижелердің дәлелділігі мен негізділігі көрсетіледі.

«Сыр бойы ақын-жыраулары шығармашылығының тарихи және рухани негіздері» атты бірінші тарауда Сыр бойы ақын-жырауларының

шығармашылығының философиялық және педагогикалық негіздері зерттелді. Ақындар қазақтың мақал-мәтелдерін пайдалана отырып, қоғам, өмір және жаратылыс тақырыптарына терең ойлар айтты. Олар «баянсыз дүние» мен «өткінші өмір» сияқты мәселелерге гуманистік көзқарастарымен жауап берді. Сопылық поэзияның әсері олардың діни философиясындағы нәпсімен күрес туралы ойларында көрініс тапты. Әдебиет ұрпақ тәрбиесінде, эстетикалық және эмоционалды дамуда маңызды рөл атқарады. Сыр бойы ақын-жырауларының шығармашылығы ұлттық философия мен ағартушылық ой-санаға бағыт беріп, ұрпақ тәрбиесіне елеулі ықпал етті.

«Сыр сүлейлері шығармашылығындағы философиялық, педагогикалық ойлардың эстетикалық аспектілері» атты екінші тарауда Сыр бойы ақын-жырауларының шығармаларындағы философиялық және педагогикалық ойлардың эстетикалық аспектілері қарастырылды. Ақындардың эпикалық туындылары қазақ халқының рухани мәдениетін дамытып, адамгершілік, тәрбие және ұлттық бірегейлікті нығайтуға бағытталған.

Сыр сүлейлерінің шығармалары жеке тұлғаның моральдық және рухани қалыптасуына, ұлттық құндылықтарды сақтау мен дамытуға ықпал ете отырып, жастарға өмірлік жол көрсететін ұлы мұра болып табылады. Сыр бойының ақын-жырауларының шығармашылығы, адамзаттық құндылықтарды дәріштеп, ұрпаққа отаншылдық рухын сіңіре отырып, рухани сабақтастықтың маңызды бөлігін құрайды.

«ЖОО-да Сыр бойы ақын-жыраулары поэзиясын оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері» атты үшінші тарауда Сыр бойы ақын-жыраулары шығармаларын оқытудың ғылыми-әдістемелік аспектілері негізделеді, дидактикалық тұғырлары ұсынылады, «Сыр өңіріндегі ақындық дәстүр» атты элективті курстың бағдарламасы сипатталады, зерттеу мәселесі бойынша жүргізілген тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың ұйымдастырылу барысы мен нәтижелері сөз болады.

Қорытындыда зерттеудің негізгі қағидалары, нәтижелері тұжырымдалып, ғылыми-әдістемелік ұсыныстар беріледі.

Қосымшада ғылыми-зерттеу жұмысының нәтижелерін оқу үдерісіне ендіру актісі, пәннің силлабусы және т.б. ұсынылды.